

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 98 (9160) | 1953 жылғы 17 май Жексенбі | Шығуына 34 жыл | жеке саны 20 тыйын.

Партия оқуының жауапты кезеңі

Партияның XIX съезі идеологиялық жұмысты партия ұйымдарының бірінші дәрежелі міндеті етіп қойды. Бұл міндеттің ойдағыдай жүзеге асырылуы идеологиялық жұмыстың өзегі — партия насихаты дәрежесінің жоғары болуына тікелей байланысты. Партияда бар және партияда жоқ кадрларымыздың маркстік-лениндік білімдері неғұрлым жоғары болса, олардың коммунистік құрылыстың практикалық мәселелерін шешуі солғұрлым табысты болатыны мәлім.

Бұл игі мақсатты жүзеге асыру жолында облыс партия ұйымы бірқатар күрделі жұмыстарды жүзеге асырды және асыруда. Быйыл партия оқуы орындарында коммунистердің 95 проценті және мыңдаған партияда жоқ жолдастар оқын жүр. Олар партия мен бүкіл совет халқының идеологиялық өмірінде зор оқыйға болып табылған партияның XIX съезінің материалдары мен И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегін үйреніп, бұл тарихи документтерді өздерінің практикалық жұмыстарында басшылыққа алуда.

Быйылғы оқу жылында партия оқуын ұйымдастырудағы игі нәтижелер сол — көптеген партия ұйымдары коммунистердің саяси оқуына талашты күшейтті, насихатшы кадрлармен жұмысты жақсартты.

Бірақ, мұның бәрінен партия оқуын ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер жоқ деген ұғым тұмайды. Кейбір партия ұйымдары идеологиялық жұмысты, соның ішінде партия оқуын бағаламаушылық сыяқты теріс әрі зиянды әдеттерден арылған жоқ. Аманкелді атындағы, «Бостандық» колхоздарының партия ұйымдарында (Приешім ауданы) соңғы екі айда бері саяси мектептер мен үйірмелерде сабақтың өтпеуі осыны көрсетеді. Бұл колхоздарда аудандық партия комитетінің басшы қызметкерлері жиі болса да олардың партия оқуының жайымен шұғылданбауына таңымыз бар. Петропавл қаласында, Мамлют, Ленин аудандарында да бірқатар үйірмелер мен саяси мектептерде сабақтың кезінде өтпеуі, тыңдаушылардың сабаққа толық қатыспауы сыяқ-

Бірақ, мұнда асығыстық пен үстірттікке жол берілмесін. Егер, кейбір үйірмелер мен саяси мектептер бір-екі тақырыпты өтпей кейін қалған болса, программаны толық өту үшін ол тақырыптар бойынша қосымша сабақ өткізу дұрыс. Тек осыдан кейін ғана қорытынды сабақтарды өткізген жөн. Қорытынды сабақтардың мақсаты тыңдаушылардың жыл бойғы алған білімдерін анықтау және олардың өткен материалдарды терең үйренуіне көмектесу болып табылады. Сондықтан қорытынды сабақтар тыңдаушылардың теориялық мәселелерді талқылауы сурақ-жауап әдісімен емес, кеңінен, творчестволық жолмен ұйымдастырылуы керек. Әрбір саяси мектепте, жоғары және негізгі типті үйірмелерде қорытынды сабақтар бір сабақпен бітпей, екі- үш рет ұйымдастырылуы қажет. Мұның өзі қорытынды сабақтарда жыл бойы өткен материалдар бойынша тыңдаушылардың білімдерін толық анықтауды қамтамасыз етеді.

Саяси мектептер мен үйірмелерде қорытынды сабақтар насихатшының «Совет Одағының Коммунистік партиясы — совет халқының басшы және бағыт беруші күші» деген тақырыпта әңгіме өткізумен аяқталады.

Осы сыяқты, партия оқуы орындарында оқу жылын аяқтауға әзірлік кезінде жоғары типті үйірмелер мен кешкі партия мектептерінде, кешкі марксизм-ленинизм университетінде сабақтың үлгілі ұйымдастырылуын қамтамасыз ету қажет. Партия оқуының бұл жүйелері тыңдаушылар үшін жыл бойы өткен материалдардың түйінді мәселелері бойынша қосымша лекциялар оқу, консультациялар мен әңгімелер өткізу арқылы олардың марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін терең үйренулеріне жетісу керек. Партия мектептері мен кешкі марксизм-ленинизм университетінде өткізілетін сынақтар мен емтихандар тыңдаушылардың білімдерін онан әрі арттыру мақсатына бағытталсын.

Партиямыздың тарихы мен теориясын өздігінен үйренушілер үшін жыл бойы

Егіс жоспары барлық дақылдар бойынша орындалсын

★
ОБЛЫС КОЛХОЗДАРЫНДА ЕГІС ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ
1953 жылғы 15 майдағы мәлімет бойынша
Орындалу проценті

Аудандар	барлық себілгені	Каргон	Овошы
Булаев	76,4	21,0	42,5
Кониюхов	75,8	54,8	43,3
Совет	69,8	8,0	26,6
Петропавл	68,1	23,0	34,8
Полудень	66,7	58,0	34,0
Приешім	62,5	28,3	35,7
Соколов	61,5	17,1	40,0
Ленин	61,1	37,5	135,0
Преснов	57,9	16,0	23,3
Мамлют	56,5	8,6	7,5
Октябрь	52,6	19,0	40,0

Колхоздар бойынша барлығы 62,7 25,5 35,1

★
ОБЛЫС СОВХОЗДАРЫНДА ЕГІС ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ
1953 жылғы 15 майдағы мәлімет бойынша

Совхоздар	орындалу проценті
Торанғұл	104,4
Совет	101,1
Киров атындағы	100,6
Қарағанды	100,0
Возвышен	99,9
Чистов	99,9
Явленка	99,9
Ұзынкөл	96,8
Шағлы	96,4
Мамлют	92,6
Қыялы	92,1
Тоқшын	92,0
Қызылжар	79,6

Партия оқуын СОКП XIX съезі қойған талаптарға сай ұйымдастырып, коммунистер мен партияда жоқ кадрларымыздың маркстік-лениндік білімдерін онан әрі арттыра берейік!

★ Коммунист Чижма басқарған бригадада

Біз Николаевка МТС-нің «Путь к коммунизму» колхозының егіс даласында жұмыс істейтін № 6 трактор бригадасына кун бата келдік.

—Жұмыс істеп жүрген екінші сменаның адамдары,—дейді бізбен бірге келе жатқан «Путь к коммунизму» колхозының председатели Вчерашний жолдас. — Екі сменада бірдей жұмыс істеп, техникадан не керектің бәрін алмай егін салуға бола ма?

Бригада қосына жақындап қалдық. Бірақ, оның маңайынан ешкім көріне қоймады.

—Механизаторлар тынығып жатқан болар, дедік біз председателге қос маңында бірде-бір адам көрінбеген соң.

—Жатуға әлі ертерек, бұл кезде олардың бір кішкене мәжілісі болып өтуші еді. Сондай қажетті бір нәрсемен шұғылданған болар, деді председатель.

Председательдің айтқанындай болып шықты. Бірінші сменаның адамдары үгітші Михаил Любенконың әңгімесін тыңдап, сменадағы жұмысты қортындылауға жыйналған екен. Үгітші бүгінгі сменада кімнің не істегенін, қанша жер жұмыстағанын, қанша жанар майының үнемделгенін талдап айтып берді.

Мұнан кейін Любенко жолдас механизаторларға аудандағы егістің жалпы барлығын баяндады. Үгітші оларға аудандық «Ударник» газетінің жаңа ғана алынған номерін дауыстап оқып беріп, өткен бескүндікте егіс қарқынын арттыруда қай колхоздың алға шыққанына тоқталды.

—Алда келе жатырмыз деп төкпейілсуге болмайды,—деді ол,—жұмыстың қарқыны мен сапасын бұрынғыдан да жақсарту түсуіміз керек. Көршілес колхоздар осы бескүндікте қарқыны үдете

—Бұл қандай мәжіліс?—деп сұрадық Чижма жолдастан.

—Бізге мұндай әңгімелер күн сайын болып тұрады. Смена артынан жыйналып, жұмысымызды жыйнақтап отырамыз, жетістігімізді де, кемшіліктерімізді де ортаға салып, талқылаймыз. Егісті қолайлы мерзімде сапалы өткізу күресінде бұл көп пайда келтіріп жүр, деді ол.

Коммунист Чижма жолдас «Путь к коммунизму» колхозында трактор бригадасын 7 жылдан бері басқарады. Оның бригадасы жұмысты жыл сайын жақсы істейді. Чижма басқарған бригада быйыл егіс жұмыстарын табысты жүргізіп келеді. Мұнда еңбек жақсы ұйымдастырылған. Тракторшылардың барлығы сменалық тапсырманы бұлжытпай орындайды. «С-80» тракторын жүргізушілер Николай Роженко және Сергей Федоренко жолдастар бір сменада 160 гектар орнына 200—250 гектарға дейін жер жұмыстайды. Турченко және Мор жолдастар «ДТ-54» тракторымен әрбір сменада 50—55 гектардан жерге тұқым себеді. Тракторшылар Ворона және Фомич жолдастардың әрқайсысы «СТЗ» тракторымен өз сменаларында 18 гектар орнына 22—30 гектар жерге тұқым сеуіп, тапсырманы артығымен орындап жүр.

Бригадада партия, комсомол тобы бар. Көктемгі егісті тез және сапалы жүргізуде бригаданың коммунистері мен комсомолдері игілі жұмыстар істеуде. Олар өндірісте табысты еңбек етумен бірге, механизаторлар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен жүргізеді. Коммунистер мен комсомолдер бригадала механизаторлар арасында әңгіме өткізеді, дауыстап газет оқиды, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығарын тұрады және көрсеткіш тақталарын толтырады.

Паровоз депосында Паровоз колоннасының табысы

А. Ясыр жолдас бастаған паровозшылардың комсомол-жастар колоннасы бесінші бесжылдықтың 1955 жылғы тапсырмасын 1953 жылы орындау жөніндегі алған міндеттемелерін ойдағыдай орындап келеді.

Паровоз колоннасының мүшелері апрель айында Май мерекесі алдында социалистік жарысқа ұштаса отырып, еңбек қарқынын үдете түсті. Олар апрельде 288 поезды айналымға беріп, ауыр жүк тиелген составтардың санын 149-ға жеткізді, 169 рет жолда қосымша су алмастан сапарға шықты.

Халық шаруашылығына қажет жүктерді тасудың мөлшерін үнемі ұлғайта беру үшін локомотивтердің техникалық жүріс жылдамдығын әрдайым шапшаңдата беру шарт. Сондықтан да паровозшылар өдері алған міндеттемеде паровоздың техникалық жүріс жылдамдығын арттыра беруге үде берген еді. Бұл алған міндеттемелерін де комсомолец-жастар ароймен орындап келеді. Колонна мүшелері апрельде паровоздың техникалық жүріс жылдамдығын міндеттемедегіден 1,5 километр, ал, оның орта тәулік жүріс жылдамдығын 50 километр арттырды.

Комсомолец-жастар колоннасының мүшесі аға машинист Ғарифулла Ахмадиевтың паровоз бригадасы апрельде 19 миллион 705 мың тонна жүк тасып, 29 тонна 921 килограмм отын үнемдеп, көрнекті еңбек жетісіне ие болды.

Кәзір комсомолец-жастар колоннасы май айының тапсырмасын артығымен орындау үшін ойдағыдай жұмыс істеуде.

Озат цех

Паровоз депосының механика цехының коллективі апрель айының өндірістік тапсырмасын 210 процент орындап, елеулі табысқа ие болды. Кәзір озат цех май айының өндірістік программасын мерзімінен бұрын орындау үшін социалистік жарысты үдете түсті.

Цехтың таңдаулы стахановшысы —сержант М. Лапин жолдас сменалық тапсырмасын 180—190 процент етіп орындау-

ты фактілер жиі кездеседі. Партия оқуын ұйымдастыруда мұндай төзгісіз кемшіліктерге мүлдем жол беруге болмайды.

Кәзір партия оқуының жауапты кезеңі басталды. Барлық жерлерде партия оқуы орындарында оқу жылын аяқтау ісіне әзірлік жүргізілуде. Партия оқуы жылы селолық жерлерде — майдың, қалада — июньнің аяғында аяқталмақ. Партия оқуының бұл кезеңін үлгілі өткізу — партия ұйымдарының бүгін таңдағы басты міндеттерінің бірі.

Партия оқуының барлық буындарында сабақтың ұйымшылдықпен өтуіне, оның идеялық дәрежесінің барынша жоғары болуына жетісу қажет. Оқу программасының толық орындалуына жетісу керек. Коммунистердің СОКП XIX съезінің материалдарын, СОКП Орталық Комитетінің, ССРО Министрлер Советінің және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының партияның барлық мүшелеріне Совет Одағының барлық еңбекшілеріне үндеуін, партия мен үкмет басшыларының 9 мартта сөйлеген сөздерін және ССРО Жоғарғы Советі IV сессиясының қарарларын үйренуі жөнінде жан-жақты көмек көрсетілетін болсын.

Саяси мектептерде партия тарихын үйренетін негізгі типті үйірмелерде, сондай-ақ В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің өмірбаяндарын үйренетін үйірмелерде қорытынды сабақтар партияның XIX съезінің материалдары бойынша өткізіледі.

Н. В. Киселев жолдасты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының

У К А З Ы

СОКП Ростов обкомінің бірінші секретары Н. В. Киселев жолдастың туғанына елу жыл толуына байланысты және оның Совет мемлекеті алдындағы еңбектері ескеріліп, Николай Васильевич Киселев жолдас Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары

Н. ВОРОШИЛОВ.
Н. ПЕГОВ.

„Исландия—ССРО“ қоғамы делегациясының Алматыға келуі

Шегелдермен мәдениет байланысының Бүкілодақтық Қоғамының шақыруы бойынша Совет Одағында қонақ болып жүрген Исландия мәдениет қайраткерлерінің делегациясы Алматыға келді.

Аэродромда қонақтарды жұртшылықпен баспасөз өкілдері қарсы алды.

Делегация Алматыда бірнеше күн болады. (ҚазТАГ).

БЕЛЬГИЯ—СОВЕТ ҚОҒАМЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ АЛМАТЫДА БОЛУЫ

Бельгия-Совет достығы қоғамының кәзіргі уақытта Алматыда жүрген делегациясы 14 майда қаламен танысып, Қазақтың мемлекеттік педагогикалық әйелдер институтында және № 3 балалар үйінде болды. Сол күннің кешінде делегация қазақтың Абай атындағы мемлекеттік Академиялық опера және балет театрында болып, «Абай» операсын тыңдады. Спектакльден кейін бель-

гиялық делегация театрдың спектакльге қатысқан артистерімен әңгімелесті.

15 майда Бельгиядан келген қонақтар кондитер фабрикасында, қалалық ет комбинатында, қалалық ауруханада болды. Делегация кешке Алматының көркемсурет және хроникалы фильмдер киностудиясында түсті көркем жаңа «Жамбыл» фильмін көруге қатысты.

(ҚазТАГ).

Осы материалдар бойынша концерттер, мекелер, семинар сабақтары өткізілуге тиіс. Онда теориялық мәселелер бойынша өздігінен оқушылардың баяндамалары мен рефераттары тыңдалуы қажет. Сауаттандыру мәжлістерінде оқылатын коммунистер үшін кластан класқа көшіру сынақтары немесе мектеп бітіру емтихандары өткізіледі.

Үстіміздегі оқу жылын аяқтау ісі партия оқуы орындарында алдағы жаңа оқу жылына әзірлік мәселесімен ұштастырыла жүргізілуі керек. Партия ұйымдары партия оқуының жүйелерін коммунистердің білімдеріне қарай белгілеуге, келесі оқу жылында коммунистерді саяси оқумен толық қамтуға ерекше назар аударулары керек. Осы сыяқты, насихатшы кадрларын іріктеп алу, оларды даярлау мәселесіне кәзірден бастап кірісуі керек. Насихатшы кадрлар құрамын партия насихатынан тәжірибелері мол, ортадан жоғары және жоғары дәрежелі білімдері бар коммунистер есебінен толықтыру қажет.

Партия ұйымдарының аса маңызды міндеттерінің бірі — комсомолдың саяси оқуы жүйесіндегі оқу жылын аяқтау ісіне басшылық және көмек көрсету болып табылады.

Партия насихатын СОКП XIX съезі қойған талаптарға сай ұйымдастырып, коммунистер мен партияда жоқ кадрларымыздың маркстік-лениндік білімдерін онан әрі арттыра берейік!

Преснов	76,3
Октябрь	72,8
Буденный атындағы	72,4
Приешім	65,1
Степной	51,9

Совхоздар бойынша барлығы 91,5.

КАРТОП, ОВОЩЬ ДАҚЫЛДАРЫ СЕБІЛУДЕ

Булаев ауданындағы «Гигант» колхозының колхозшылары бйыл овощь дақылдары мен картоп егісін кең көлемде екпек. Мұнда бйыл 10 гектар жерге овощь, 24 гектар жерге картоп, 13 гектар жерге темекі отырғызылады. Бұл жұмыстар кәзір қызу жүргізілуде.

Б. ЖАҚЫПОВ.

түсті. «Красный партизан» және «Красное знамя» колхоздары соңғы бескүндікте егіс жоспарын бізден едәуір асырып орындады. Ал, жұмысты бұлай істеуге біздің мүмкіншілігіміз жоқ па? Әбден бар. Тракторлардың жұмыс өнімділігін кәзіргіден гөрі де арттыра түсуіміз керек. Сонда табысымыз молая бермек.

Әңгіменің соңында бригадир, коммунист Чижма жолдас сөз алды. Ол бірден бригаданың жұмысындағы кемшіліктерге тоқталды. Чижма жолдас Шевченко, Рау сыяқты жекелеген тракторшылардың машинаның қуатын толық пайдалана алмай жүргенін, оның бригаданың жұмысына нұқсан келтіретінін және алдағы міндетті айтты. Осымен әңгіме аяқталды.

Міне, мұның бәрі бригаданың жұмыстарының тез және сапалы жүргізілуіне тракторлардың жұмыс өнімділігінің арттырылуына зор мүмкіншіліктер туғызуда. Коммунист Чижма жолдастың бригадасы МТС бойынша алда келеді. Бригадада жүздеген килограмм жанар, жағар майы үнемделген, механизаторлар ол маймен жұмыс істеп жүр. Бригада кәзір егіс жоспарын әрбір дақыл бойынша толық орындап болуға жуық. Коммунист басқарған бригаданың көктемгі егісті агротехникалық қолайлы мерзімде аяқтайтынына ешбір күмән жоқ.

М. НАЗАРИН,

Преснов ауданы, «Путь к коммунизму» колхозы.

да. Ол мінсіз өнім шығарудың үлгілерін көрсетіп келеді.

Стахановшы фрезеровщик Я. Гриценко жолдас апрель айының тапсырмасын 282 процент орындаған еді. Май айының жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін ол еңбек қарқынын бұрынғыдан да арттыра түсті. Гриценко жолдас 11 май күні сменалық тапсырманы 331 процент орындап, өндірістік жаңа табысқа ие болды.

Металл өңдеуші И. Федоров жолдас екі станокта бірдей жұмыс істеу міндетін меңгерудің арқасында еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын үнемі жақсартып түсуде. Ол сменалық нормасын 330—340 процент орындауда.

А. МАЙҚАНБАЕВ.



Егіс костарындағы лекциялар

МИХАЙЛОВКА. (Жамбыл облысы). (ҚазТАГ). Комсомолец Мұқан Әбдірасыллов басқаратын Бурыл оқу үйі—Свердлов ауданындағы ең таңдаулы оқу үйі. Онда білімнің әртүрлі тарауларынан 1300-ден аса әдебиет томдары бар. Кәзір оқу үйі өзінің жұмысын егіс басына көшірді. Онда колхозшылар үшін газеттер мен журналдардың соңғы номерлері үнемі болып тұрады. Жақын арада оқу үйі Николаеваның «Егін орағы», Поповтың «Болат және шлак» деген романдары бойынша оқушылардың конференциясын өткізді.

Лекторидің мүшелері — агроном Әлім Қазақбаев, мұғалімдер Татьяна Григорьева, Сұлтан Өзденев егіс костарында партияның XIX съезінің қарарлары. И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі, мичуриндік агробиологияның ғылым және совет жазушыларының жаңа шығармалары туралы 12 лекция оқыды.

Колхоздық кітапханалар мен оқу үйлері ауданның егіншілері мен механикаторлары арасында зор мәдени-ағарту жұмысын жүргізуде.

Бурабай курортында

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Қазақстанның ең ірі курорты — Бурабай курортында жазғы маусым басталды. Мұнда Балқаштың кеншілері, Қарағандының шахтерлері, Уралдың металлургияшылары, Қызыл Шығыстың балықшылары, Сибирьдің механизаторлары демалуға келді.

Курорттың коллективі жазғы маусымға жақсы әзірленді, — санаторийлер, клубтар, кітапханалар жөнделіп, емдеу-диагност қою кабинеттері жаңа апаратурамен толықтырылды.

Демалушыларға мәдениет жағынан жақсы қызмет ету үшін Қарағанды Мемлекеттік филармониясының симфониялық оркестрі шақырылды.



Үстіміздегі жылы Алматы қалалық жол құрылысы тресі 130 мың шаршы метр алаңдарды, магистральдар мен жаяу кісі жүретін жолдарды асфальттайды. Жұмыс процестерінің барлығы механикаландырылған.

СУРЕТТЕ: Сменалық нормасын 250—270 процент орындап жүрген Г. Суков жолдастың бригадасының Дзержинский атындағы көшені асфальттап жүрген кезі. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Халық демократия елдерінің ғылыми әдебиетінің көрмесі

Қазақ ССР Ғылым академиясының орталық ғылыми кітапханасында халықтық демократия елдерінің жаңа ғылыми әдебиетінің көрмесі ашылды. Стендтерге Қытай, Польша, Чехословакия, Болгария, Румыния және басқа халықтық демократия елдері ғалымдарының ғылыми еңбектері қойылған. Көрме бұл елдерде мәдениет пен ғылымның кеңінен дамып отырғандығын айқын бейнелейді. Стендтерде маркстік философия мәселелері жөніндегі ірі монографиялар, Қытай, Болгария, Польша, Румыния Ғылым академияларының білімнің әртүрлі салаларындағы ғылыми еңбектері құрметті орын алып отыр. И. В. Сталиннің еңбектеріне байланысты тіл білімі мәселелері, «Павловтың жаңа ілімі» де-

ген чех тіліндегі ғылыми жыйнақтар, «Маркстік-лениндік бейнелеу теориясы» деген болгар тіліндегі ғылыми жыйнақ көрмеге келушілердің назарын аударуда. Көрмеде табиғат тану ғылымы жөніндегі еңбектер үлкен орын алуда.

Бйыл Қазақ ССР Ғылым академиясы халықтық демократия елдерінің ғылыми мекемелерімен ғылыми байланысты едәуір ұлғайтты. Кітапхана Болгарияның Димитров атындағы ауылшаруашылық академиясы, София университеті, Румын Ғылым академиясы бастырған ғылыми кітаптарды, Польша мен Қытайдың жаңа ғылыми мекемелерінің кітаптарын алып тұрады.

(ҚазТАГ).

Аяқкіім шығару арта түсті

Алматы аяқкіім фабрикасының коллективі соңғы он күннің ішінде жоспардан тыс жүздеген пар аяқкіім шығарды. Бұл табыс — бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолында кеңінен өрістеген социалистік жарыстың нәтижесі.

Дайындау цехының жұмысшылары мен қызметшілері жақсы көрсеткіштерге жетті. Олар майдың бірінші онкүндігінің жоспарын 105 процент орындады. Цех қызметкерлерінің творчестволық инициативасы техниканы неғұрлым жақсы пайдалануға, әрбір жабдықта өнім шығаруды арттыруға бағытталып отыр. Инженер-техник қызметкерлерінің барлық жұмысшылары қызу қолдаған ұсынысы бойынша аяқкіім тігу жұмысы бір инелі машинада емес, екі инелі машинада орындала бастады. Осы жұмыста еңбек өнімділігі 70 процент артты.

Фабриканың басқа цехтары да өнім шығаруды арттыруда. Олар май айының жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресті онан әрі өрістетті. (ҚазТАГ).

Солтүстік Каспий бойының даласында

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Солтүстік Каспий бойында көктемгі жауын мол жауып өтті. Дала жаппай көктеп, масақты дақылдар егісі қаулап өне бастады. Колхозшылар егісті күтуге кірісіп, жауыннан кейін қатқан топырақтың бетін қопсытуда. Күн жылына бастады, мұның өзі дөңді дақылдар мен шөп егісінің жақсы өсуіне себепші болуда.

Урал өзені тасыды. Бақсай, Новобогат аудандарында, қаланың іргесіндегі колхоздарда кәзірдің өзінде ондаған мың гектар табиғи шабындық көлдетіп суарылды.

Озат советтік ғылым

(И. В. Сталиннің 1938 жылғы 17 майда Кремльде жоғары мектеп қызметкерлерін қабылдау мәжлісінде сөйлеген сөзіне 15 жыл)

Бұдан 15 жыл бұрын И. В. Сталин жолдас жоғары мектеп қызметкерлерін қабылдау мәжлісінде сөйлеген сөзінде халықтың мүдделеріне қызмет ететін озат советтік ғылымды көркейтудің жолдарын белгіледі, ғалымдарға олардың халық игілігін, социалистік Отанымыздың оған сайын күлденуін көздейтін творчестволық қызметінің айқын программасын көрсетті. Өзінің сөзінде И. В. Сталин озат ғылымның басты-басты белгілерін сипаттады: озат ғылым халықтан іргесін аулақ салмай, халыққа өз еркімен, ынтымен қызмет етуге тиіс; бұл ғылым біздің алға басуымызға бөгет жасайтын кедергіге айналған ескі дәстүрлер мен нормаларды батыл бұзып, жаңа, прогресшіл дәстүрлер мен нормаларды жасауға тиіс; өзінің жұрт таныған қарт басшыларының тоқмейілісіп, ғылым монополияшыларының қауызында томаға тұйықтануына жол бермеу, жас күштерді кеңінен жұмысқа қосуға, қарт ғылыми кадрларды жас кадрлармен ұштастырып пайдалануға тиіс.

Сталин жолдас бүкіл ескілікке және керітартпалыққа қарсы батыл күрескен және ғылымда жаңа жолдарды ерлікпен ашқан ғылым қайраткерлерінің үлгісі — В. И. Ленин екенін көрсетті. В. И. Ленин — ғылымның ұлы кеменгері. Ол ғылымды алға бастырды, жаңа данышпандық қорытындылармен және қағидалармен байытты.

Маркстік-лениндік теорияны аса маңызды теориялық жаңалықтармен байытқан И. В. Сталин де ғылымның ұлы кеменгері. Оның теориялық жаңалықтары барлық халықтарға қоғамды революциялық қайта құру жолдарын көрсетіп, оларды партиямыздың коммунизм жолындағы күресінің орасан мол тәжірибесімен қаруландыруда.

* * *

Социалистік құрылыс СССР-да ғылымды өркендетуге ерекше зор мүмкіншіліктер туғызды. Мұнан 35 жыл бұрын, Октябрьдің жеңісінен екіжарым айдан кейін, В. И. Ленин былай деп жазды: «Бұрын адамның бүкіл ақыл-ойы, оның бүкіл даналылығы біреулерге техника мен мәдениеттің барлық игіліктерін беру үшін, ал, басқаларды ең қажетті нәрсе — оқу-білімнен және өркендеуден айыру үшін ғана қызмет ететін. Қазір техниканың барлық кереметтері, мәдениеттің барлық табыстары жалпы халықтың игілігіне айналдырылады...» (Шығармалар, 26-том, 436-бет). Сталин жолдас біздің еліміздің ұлы болашағы бар екенін — ол ғылымның таратушысы болатынын көрсетті. Ленин мен Сталиннің көрсеткендігі тамаша дәлелденді. Коммунистік партияның басшылығымен Совет Одағы озат ғы-

ның 8 мың 470 қызметкерлеріне сталиндік сыйлықтың лауреаты деген құрметті атақ берілуі оған дәлел.

Советтік ғылымның практикамен, өндіріспен тығыз байланысы оның аса маңызды ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Біздің елімізде ғылым және өндіріс қызметкерлерінің творчестволық ынтымағы орасан кең өріс алды.

Ленинградтың М. И. Калинин атындағы политехника институтының ғылыми қызметкерлері коллективі еліміздің 94 кәсіпорындарымен және мекемелерімен творчестволық ынтымақ шарттарын жасасты. Бұл коллектив неғұрлым маңызды мәселелер бойынша 142 ірі-ірі ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқарады. 540 ғылыми қызметкер осы жауапты іспен шұғылданады. Ленинградтың В. И. Ульянов-Ленин атындағы электротехника институты 39 заводқа көмектесіп отырады. Москваның ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының коллективтері 500-ден астам кәсіпорындарға практикалық көмек көрсетуде.

Совет Одағында ғылым мен техниканың жоғары дәрежеде өркендеуі орасан зор су электр станциялары мен каналдар салу, табиғатты өзгертудің ұлы жоспарын жүзеге асыру сияқты, халық шаруашылығының зор міндеттерін ойдағыдай орындауға мүмкіндік береді.

Советтік ғылымның күші — оны ғылыми қызметкерлермен бірге қала мен деревняның қатардағы еңбекшілері, өндірістің жаңашылары да өркендетіп, байытып, алға бастырып отыратындығында. «Ғылым мен техниканың жаңа жолдарын, — деді И. В. Сталин жоғары мектеп қызметкерлерін қабылдау мәжлісіндегі сөзінде, — кейде ғылымда жалпы жұртқа мәлім емес адамдар, ғылыми дүниеге мүлде мәлімсіз адамдар, қаранайым адамдар, практиктер, іе жаңашылары ашатын уақыттар да болады».

Қатардағы жұмысшылар мен колхозшылардың, өндіріс озаттарының өздерінің орасан мол практикалық тәжірибесін қорыта отырып, бұл тәжірибесімен ғылымды қалай байытатынын көрсететін мысалдар біздің тұрмысымызда көп кездеседі. Көрнекті ғалымдармен қатар өндірістің көптеген жаңашыларына сталиндік сыйлықтың лауреаты атағы берілгені мәлім.

«Красный выборжец» заводының балқытушысы Подмошток жолдас, И. В. Сталин атындағы металлургия зауытының разметчигі Дмитриев жолдас, шашпаң әдісіні токарлар Борзкевич, Быков, Динков жолдастар, аяқкиім фабрикасының жұмысшы әйелі Лидия Коробельникова, токар Василий Колесов сияқты ғылым

дығынан айырылды, ол өзінің ақыл-есінен айырылған қожайындарының құлы».

Ғалымдардың жаңалықтары мен өнертабыстары тек капиталистерге пайдалы болғанда, қанаушылықты күшейтуге, неғұрлым көп капиталистік пайда алуға көмектесетін болғанда ғана жүзеге асырылады.

Мәселен, американдық «Дженерал Моторс» автомобиль тресі өзіндегі патенттердің бір процентін ғана өндіріске пайдаланды. Трестің басшылары патенттердің 99 процентін, оларды басқа кәсіпорындардың пайдалануына мүмкіндік бермеу үшін тығып тастады.

Капитал елдеріндегі ғылымның жайы Лениннің: «Тек социализм ғана ғылымды оның буржуазиялық бұғауларынан, оның капиталдың құлдығына түсуінен, оның сұрқыялық капиталистік құлқынысыздық мүдделер алдында құл болуынан құтқарады» (В. И. Ленин, Шығармалар 22-том, 375-бет) деген пікірін тамаша дәлелдейді.

* * *

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары еліміздің экономикасы мен мәдениетінің оған сайын мықтап өркендеуін қамтамасыз етуді көздейді. Бұл міндетті жүзеге асыру ісінде ғылым зор роль атқаруға тиіс. Г. М. Маленков жолдасын съездегі баяндамасында «дүниежүзілік ғылымда бірінші орын алу міндетін алға қойып, озат советтік ғылымды бұрынғыдан да гөрі дамыта беру» керек екені көрсетілді.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің аспирантуралары арқылы ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлауды өткен бесжылдықтың екі есе ұлғайтуды көздейді.

Съездің қарарларында ғылыми-зерттеу институттарының жұмысын және жоғары оқу орындарының ғылыми жұмысын жақсарту, халық шаруашылығын өркендетудің маңызды мәселелерін шешуге, озат тәжірибені қорытуға ғылыми күштерді неғұрлым толық пайдалану керек екені, ғылыми жаңалықтардың практикада кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету керек екені көрсетілді. Съезд білімнің барлық сааларында теориялық проблемаларды тексеріп шешу ісінде ғалымдарға мейлінше көмектесуді, ғылымның өндіріспен байланысын нығайта беруді ұсынды. Мұнымен бірге, съездің қарарлары инженерлер, техниктер, жұмысшылар және колхозшылар қатарындағы өнертапқыштар мен рационализаторлардың өндірісті да-

Баспасөз конференциясында президент Эйзенхауэрдің мәлімдемесі

ВАШИНГТОН, 14 май. (СОТА). Баспасөз конференциясында, Черчилльдің халықаралық конференция туралы ұсынысы жөнінде өзінің пікірін сұраған сұраққа қайтарған жауабында президент Эйзенхауэр 13 майда мемлекеттік департамент жариялаған мәлімдемені мақұлдайтынын айтты.

Құрама Штаттардағы, Эттлдің айтуынша, бейбітшілікті тілемейтін адамдар жайында Эйзенхауэр: «мен Құрама Штаттарда бейбітшілікті тілемейтін бір де-бір адамды кездестірген жоқпын» деді.

Эйзенхауэр өзінің Черчилльдің ұсынысына қарсы емес екенін, бірақ әуелі барлық жақтан игі ниеттің болуының дәлелдемесін алғысы келетінін айтты.

Алайда, мұнан кейін ол, егер белгілі бір істер жасалмаса, конференцияға қатыспаймын деп айтқысы келмейтінін білдірді.

Қытай үкметін БҰҰ хауіпсіздік Советінің жұмысына қатысуы туралы ұсыныс жөнінде оның пікірін сұраған сұраққа жауабында Эйзенхауэр өртүрлі елдер тану ұғымына өртүрлі түсінік беретінін айтты. Эйзенхауэр, дәстүр бойынша, Құрама Штаттар үнсіз мақұлдауды танығандық деп ұғынатынын, ал кейбір секторларда (тексте осылай — ред.) мұның өзі үкмет басындағы тәртіптің өмір сүруін танығандықты ғана көрсетінін айтты.

Ол бұл мағынасында алғанда, Англия мен Американың саясаты арасында, алғаш қарағанда көрінетіндей, оншама үлкен ашақтық жоқ екенін білдірді.

АҚШ мемлекеттік департаментінің мәлімдемесі

ВАШИНГТОН, 13 май. (СОТА). Мемлекеттік департаменттің өкілі Англияның премьер-министрі Черчилльдің сөзі жайында баспасөзге арналған мынадай мәлімдемені оқыды:

«Премьер-министр Черчилльдің жоғары топтарда Советтермен конференция өткізу жөніндегі мәлімдемесі оның өзінің жоғары мақсатының және ерікті дүниедегі барлық халықтардың әділетті, баянды бейбітшілікке жетуге ұмтылған жалынды тілегінің жаңа белгісі болып табылады. Барлық халықтардың неғұрлым жоғары тұрмыс дәрежесіне жетуіне көмектесуіміз үшін, біз және ерікті дүниедегі біздің одақтастарымыз үнемі күш салып, жетуге ұмтылып келген мақсатымыз — осындай бейбітшілік.

Жақын арада президент Эйзенхауэр халықаралық қатынастағы кәзіргі шиленіскендікті бәсеңдету үшін және кездесудің тыңғылықты нәтиже беретінді-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 15 май. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін майдандарда өткен күні ешқандай өзгеріс болған жоқ деп хабарлады.

15 майға қараған түнде американ самолеттері Саривонь төңіректеріндегі бейбіт селолық аудандарға тағы да шабуыл жасады. 15 майда таңертең дүшпанның 140-тан астам истребительдері Нампхо төңірегіндегі селолық ау-

дандарға шабуыл жасады. Айуандықпен бомбалап, пулеметтерден оқ жаудырудың нәтижесінде халықтың арасынан көптеген адамдар қазаға ұшығады, көптеген тұрғын үйлер қыйралды және өртелді.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дүшпанның 4 самолетін атып түсірді.

Кореяда уақытша бітім жасау туралы келіссөздер

ПЕКИН, 13 май. (СОТА). Сяньхуа агенттігі тілшісінің Кэсоннан берген хабарына қарағанда, Кореяда уақытша бітім жасау туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясы бүгін мынадай мазмұндама жариялаған:

Келіссөздер қайта басталғаннан бері корей-қытай жағы проблемаларды неғұрлым тез шешу және Кореяда атысты тоқтату мақсатымен көп еңбек етті, мәжілістердің қайта басталуының алғашқы күнінен бастап корей-қытай жағы, екі жақ бұдан бұрын келіскен, тікелей еліне қайтарылмайтын барлық соғыс тұтқындары бейтарап мемлекетке жөнелтілуге тиісті дейтін негізгі принципке сәйкес, 6 пунктті, ақылға қонымды, практикалық, нақтылы ұсыныс енгізді. Оған кейін 7 майда корей-қытай жағы, екінші жақ үнемі талап етіп келген, тікелей еліне қайтарылмайтын барлық соғыс тұтқындарын Кореяда қалдыруды көздейтін көзқарасты қабылдауға тырысып, 8 пунктті жаңа нақтылы ұсыныс енгізді.

Алайда, 4 күн бойына — майдың 9-нан 12-не дейін — екінші жақ бірсыпыра жорамалды мәселелерді алға тартып, істің ұсақ егіжей-тегіжейлерін қарауды талап етіп, келіссөздерге бөгет жасап келді, сойтіп, ол келіссөздердің қандай да болса алға басуына мүмкіндік бермеді. Толық құрамды делегациялардың 13 майдағы мәжілісінде екінші жақ оған да асып түсіп, пленум мәжілістері қайта басталар алдында екі жақ келіскен кәзіргі келіссөздердің негізінің өзін, атап айтқанда, тікелей еліне қайтарылмайтын соғыс тұтқындары бейтарап мемлекетке тапсырылуға тиіс дейтін негізді бұзуға тырысты. Екінші жақ кәзір уақытша бітім туралы келісім күшіне кіргеннен кейін, тікелей еліне қайтарылмаған барлық корей соғыс тұтқындарының тағдырын, екінші жақ бақылайтын

ауданда «сол жердің өзінде босату» дейтін жолмен шешуді, соғыс тұтқындарын бейтарап мемлекеттердің қамқорлығына тапсырудан екі ай өткеннен кейін, тікелей еліне қайтарылмаған, екінші жақтың соғыс тұтқындары лагерлерінде ұзақ уақыт тұтқында ұсталу нәтижесінде өздерінің хауіптенуінен өлі де арылмаған, корейлік емес барлық соғыс тұтқындары туралы мәселені де біржақтылықпен екінші жақтың «сол жердің өзінде босату» жолымен шешуін ұсынады.

Мұнымен бірге, екінші жақ бейтарап мемлекеттердің өкілдерінен құрылатын еліне қайтару комиссиясының сәтсіз тұтқындарын өзінің уақытша қамқорлығына алуына, оның тұтқындарды еліне қайтару ісіне көмектесуі жұмысына, еліне қайтарылатын соғыс тұтқындары тиесілі жақтың тікелей еліне қайтарылмаған соғыс тұтқындары арасында түсінік жұмысын жүргізуіне бөгет жасайтын өртүрлі қыйсынсыз кедергілерді ұсынды.

13 майдағы мәжілісте генерал Нам Ир екінші жақ, корей-қытай жағының мәселелерді шешу үшін 26 апрельде және 2 майда енгізген ақылға қонымды екі ұсынысын қабылдамағаны былай тұрсын, қайта, екінші жақтың 16 апрельдегі хатында келтірілген 3 пунктті ұсыныстан бір қадам кері шегіне түскенін білдірді. Екінші жақтың келіссөздерде мұндай позицияға түспеуге тиіс екені мүлде айқын. Екінші жақ енгізген ұсыныстар жалпы уақытша бітім туралы келіссөздердің келешегіне хауіп туғызды. Генерал Нам Ир корей-қытай жағы екінші жақтың бұл ұсыныстарына ешқандай ретте ризалық бермейтінін айтып, екінші жақтың бұл ұсыныстарды қайта қарауын талап етті.

Екі жақтың делегациялары 14 майда жаңадан кездеседі.

лым мен мәдениеттің еліне айналды. Мұны ең алдымен елімізде жоғары білімнің орасан өскендігі дәлелдейді. Совет өкметіне дейін елімізде 91 жоғары оқу орны болса, оларда жүз мыңнан аз-ақ артық студент оқыса, кәзіргі уақытта ССРО-да 900-дей жоғары оқу орны бар, ал, оларда оқытын студенттердің саны 1.440 мыңнан асады. 1952 жылдың басында елімізде 2900 институт, лаборатория және басқа ғылыми мекемелер болды. Одақтас республикалардың 12 академиясының және олардың өзінің 15 филиалының творчестволық жұмысына басшылық етіп отыратын ССРО Ғылым академиясы ғылыми қызметтің шын мәнісіндегі орталығына айналды.

Біздің мемлекетіміз ғылымды өркендетуге орасан көп қаржы жұмсауда. 1946—1951 жылдардың өзінде бұл мақсатқа 47,2 миллиард сом қаржы жұмсалды.

Шетелдік ғылымның табыстарын таяудағы уақытта қуып жетіп қана қоймай, басып озу керек деген Коммунистік партияның нұсқауын басшылыққа ала отырып, совет ғалымдары ғылымның бірлық салаларында зор табыстарға жетті. Үздік ғылыми еңбектері, өнертабыстары және өндірістік жұмыстың әдістерін негізінен жетілдірулері үшін ғылымның, өнеркәсіп, транспорттың және ауыл шаруашылығы-

және басқа мыңдаған озаттарды, еңбек өнімділігін мейлінше арттырған шеберлерді бүкіл еліміз біледі. Ғылыми және инженер-техника қызметкерлермен творчестволық ынтымақ жасай отырып, олар күрделі техникалық міндеттерді орындауға, өздерінің инициативасымен социалистік өндірісті жаңа, неғұрлым жоғары сатыға көтеруге көмектесуде.

1952 жылдың өзінде өнеркәсіпте, құрылыста және транспортта 800 мыңдай өнертабыс, техникалық жетілдірулер және рационализаторлық ұсыныстар енгізілгендігі еңбекшілердің творчестволық инициативасының кең өріс алғанын, олардың мәдени-техникалық дәрежесінің өскендігін айқын дәлелдейді.

Капиталистік елдерде ғылымның жайы мүлде басқаша. Онда ғылым монополияшыларға тікелей тәуелді, олардың құлы. Капиталистер ғылымның өркендеуіне, техниканың алға басуына бөгет жасайды. Империалистер ғылымды өздерінің адамзатты жек көрушілік жоспарларын жүзеге асыру күресінің құралына, адамдарды жаспай қырғынға ұшырату құралына айналдырады.

Англияның атакты ғалымы Джон Бернал былай деп жазды: «капитализм тұсында ғылым бақытты тұрмыс емес, бүліншілік тұрғызады. Ғалым өзінің бостан-

ника жағынан оған әрі жетілдіру және бекейтуді, өндіріс жұмыстарын барлық жағынан механикаландыру, еңбекті жеңілдету және еңбек жағдайларын оған сайын жақсарту жолындағы бұқаралық қозғалысын күшейтуді талап етті.

Жаңа бесжылдықта мамандар даярлау едәуір ұлғайтылады. 1952 жылы елімізде жоғары және орта дәрежелі арнаулы білімі бар бесжарым миллиондай маман жұмыс істеді. Бесінші бесжылдықта жоғары және орта дәрежелі арнаулы оқу орындарында барлық түрінен мамандар даярлау, шамамен айтқанда, 30—35 процент ұлғайтылады.

Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің сәулетті сарайын орнатып жатқан халқымыздың творчестволық қызметінде ғылым мен техниканың адамдары құрметті және жауапты орын алады, өйткені, коммунизм жоғары техника негізінде, ғылым мен мәдениеттің бұған дейін болып көрмеген дәрежеде өркендеуі негізінде орнатылады.

Халықпен тығыз байланысты, Лениннің —Сталиннің идеяларына шын берілген совет ғалымдары өздерінің барлық білімі мен күшін коммунизм құрылысының ұлы ісіне жұмсауда.

Н. ВЛАДИМИРОВ.

Мәдениет-үгіт бригадасы

Көктем егісі күндерінде колхозшыларды мәдениетті қамту үшін ұйымдастырылған Булаев ауданының мәдениет-үгіт бригадасының құрамында ауданның мәдени-ағарту орындары мен басқа мекемелерінің қызметкерлері бар.

Мәдениет-үгіт бригадасын аудандық кітапхананың меңгерушісі Григорьева жолдас басқарады. Бригадада жылжымалы кітапхана, жаңа газет, журналдар және шахмат, дойбы бар.

Мәдениет-үгіт бригадасы жергілікті жерлердегі оқу үйлері мен клуб меңгерушілерінің жұмысына үнемі көмектесіп отырады.

Қ. ЖҰМАТАЕВ.

СҰРАҚ-ЖАУАП КЕШІ

Жуырда облыстық кітапхананың залында сұрақ-жауап кеші өткізілді. Кешке көптеген оқушылар мен қала жұртшылығы қатысты.

Кешке қатысушылар Малайя, Индонезиядағы және басқа жерлердегі ұлт-азаттық қозғалыстары, ССРО-ның халықаралық жағдайы және басқа мәселелер жөнінде сұрақтар қойды. Бұл сұрақтардың бәріне саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының толық мүшесі В. Балахчи жолдас жауап берді.

Т. ШАЛЫГИНА.

Колхоздың болашақ кадрлары

Тоқшындағы ауылшаруашылық мектебінде облыс колхоздарынан келіп оқып жатқан жүзге тарта оқушы бар.

Мектептегі комсомолецтер саны да өсуде. 1952—53 оқу жылының басында 32 комсомолец болса, кәзір олардың қатары 42 адамға жетті. Комсомолецтер мектептің қоғам жұмысына белсене араласып, комсомолда жоқ жастар арасында үгіт-көпшілік жұмыстарын жүргізуде партия ұйымына үнемі көмектесіп отырады.

Мектеп комсомол комитетінің секретары Мырзахметов және Пак жолдастардың басқаруымен мектеп алаңында 1500 түп акация, алма, қарағай және басқа да түрлі ағаштар отырғызылды. Отырғызылған ағаштар әр участоктерге бөлініп беріліп, уақытылы суарылып, күтіліп тұрады.

Бұл күндері мектеп оқушылары ауылшаруашылық мектебін ойдағыдай бітіріп шығу үшін емтихан тапсыруға қызу дайындалуда. Олар колхоз шаруашылығын басқару мамандығын алып, колхозды ауылда жұмыс істейтін болады.

А. КӨПБЕРГЕНОВ.

Ағаш отырғызуда

Совет ауданындағы «Колос» колхозының жері бұрын құлазыған дала болушы еді. Бұл күндері колхоздың егіс далаларында колхозшылардың күшімен көптеген ағаштар отырғызылды.

Үстіміздегі жылдың өзінде ғана колхоздың қарт бақшашысы коммунист А. Лещенко жолдастың басқаруымен 750 түп алма ағашын, 500 түп акация, 200 түп шие ағашы және басқа түрлі өсімдіктердің тұқымдары отырғызылды.

Кәзір колхозшылар мен мектеп оқушылары отырғызылған ағаштарды күтіп өсіруде.

А. ҒАБДУЛЛИН.

МЕКТЕП СПОРТШЫЛАРЫ

Ленин орта мектебінің (Октябрь ауданы) оқушылары спортпен үнемі шұғылданып отырады. Оқушылардың спорт бойынша жаттығу және спорт жарыстары өткізіліп тұрады. Соның нәтижесінде мектепте БГТО және ГТО значегін алушы оқушылардың қатары өсуде. Мәселен, кәзір мектеп бойынша спорттың әр түрінен 16 чемпион, БГТО және ГТО значегін алған 122 оқушы бар. Жазғы спорт маусымы басталды.

Ш. ҚҰСАЙЫНОВ.

әне нақтылы дәлелдеме көрінген кезде жарық жолда екінші жақпен кездесу үшін, өзінің қолынан келетін шаралардың бәрін істеуге әзірлігін атап айтты.

Президент өзінің 16 апрельдегі сөзінде Азия мен Европадағы, біздер мұндай дәлелдемелерді күтуге тиісті жерлерді көрсетті. Шынында да, кәзіргі уақытта Паньмыньчжоньде өткізіліп жатқан келіссөздер және алдағы уақытта Австрия жөнінде жүргізілетін келіссөздер Советтерге өздерінің басты-басты халықаралық проблемаларды бейбітшілікпен шешу жөніндегі мәлімдемелерінің шындығын көрсетуге мүмкіндік береді. Мұның өзі жоғары топтардағы конференцияға жол ашар еді.

АҚШ-ТЫҢ ТЕМІРЖОЛШЫ СТРЕЛОЧНИКТЕРІ МЕН ТЕМІРЖОЛ ТЕЛЕГРАФИСТЕРІ ЕРЕУІЛІНІҢ АЯҚТАЛУЫ

НЬЮ- ЙОРК, 14 май. (СОТА). Кеше «Интерурбан Хадсон энд Манхэттен Рейлруд компани» компаниясының темір жолындағы теміржолшы стрелочниктер мен телеграфистер кәсіподақ мүшелерінің ереуілі аяқталды. Ереуіл жасаушылар өткен жылдың айырмашылығын төлеттіріп алумен бірге жаландығын арттырылуына жетісті.

КОРЕЯДАН ТҮТҚЫННАН ҚАЙТЫП КЕЛГЕН ПУЭРТО-РИКО СОЛДАТТАРЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

НЬЮ- ЙОРК, 14 май. (СОТА). Сан-Хуанде (Пуэрто-Рико) шығатын «Эль-Мундо» газетінің хабарына қарағанда, Сан-Хуан госпиталінде пресс-конференция болған. Кореядан қайтып келген бұрынғы соғыс тұтқындары—Пуэрто-Рико солдаттарының біртобы—капрал Альберто Байес Писарро, солдаттар Эпифанно Кордеро Рамос, Хуан Ривера Ортис және басқалары өздерінің медициналық жақсы күтіммен пайдаланғандығын және американ баспасөзі хабарлағанындай оларды ешкім мазаламағанын және «идеологиялық азғыруға» ұшыратпағанын мәлімдеді.

БРАЗИЛИЯНЫҢ АҚШ-пен СОҒЫС ШАРТЫН ЖАСАУЫНА ҚАРСЫ ГЕНЕРАЛ БУКСБАУМНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

МОНТЕВИДЕО, 13 май. (СОТА). АҚШ-пен соғыс шартын жасасуға қарсы Бразилияның Ұлттық күрес комитетінің председатели генерал Буксбаум комитеттің атынан «Импренсе популар» газетінде мәлімдеме жариялап, Бразилия жұртшылығы батыл түрде қарсы шыққан Отанның тәуелсіздігіне қастандық болып табылатын соғыс шартын Бразилия конгресінің ратификацияланғанын әшкерелеген.

ССРО Халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік заемының

ҮШІНШІ ҰТЫС ТИРАЖЫ
(1951 жыл шығуы)

Тираж 1953 жылғы 3 майда Куйбышев қаласында өткізілді. Ұтыстар сериялар мен облигациялардың мына номерлеріне шықты:

Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен
100177	1—50	200	105198	02*	1.000	110714	44*	1.000	115962	1—50	200
100406	44*	1.000	105535	1—50	200	111024	1—50	500	116028	42*	1.000
100483	40*	1.000	105600	1—50	200	111145	1—50	200	116055	1—50	500
100586	1—50	200	105621	31*	1.000	111156	03*	1.000	116067	17*	1.000
100695	34*	1.000	105906	08*	1.000	111194	28*	1.000	116073	1—50	200
100717	50*	1.000	105977	09*	1.000	111246	14*	1.000	116224	1—50	200
100805	14*	1.000	106040	42*	1.000	111251	45*	1.000	116349	1—50	200
100994	1—50	200	106068	1—50	200	111285	1—50	500	116434	1—50	200
101045	1—50	200	106155	1—50	200	111751	14*	5.000	116473	1—50	200
101289	1—50	500	106592	1—50	200	111778	04*	1.000	116533	1—50	200
101332	19*	1.000	106938	21*	1.000	111793	34*	1.000	116578	1—50	500
101340	01*	1.000	107138	23*	5.000	112091	10*	1.000	116615	06*	1.000
101515	1—50	500	107153	29*	1.000	112147	1—50	200	116658	1—50	500
101573	38*	1.000	107223	29*	1.000	112202	25*	1.000	116696	1—50	200
101934	44*	5.000	107249	13*	1.000	112369	17*	1.000	116815	48*	1.000
102031	46*	1.000	107291	21*	1.000	112423	1—50	500	116909	50*	10.000
102044	26*	1.000	107528	34*	1.000	112434	21*	1.000	116921	32*	1.000
102091	44*	1.000	107633	05*	5.000	112776	1—50	200	116922	28*	1.000
102139	07*	25.000	107910	36*	1.000	112783	1—50	200	116956	1—50	200
102338	48*	1.000	107956	1—50	200	112808	1—50	200	116980	25*	1.000
102348	42*	1.000	107990	1—50	500	112814	40*	1.000	117132	41*	1.000
102377	1—50	500	107999	30*	5.000	112995	19*	5.000	117292	45*	1.000
102624	11*	1.000	108364	1—50	200	113059	40*	1.000	117309	29*	1.000
102633	1—50	500	108574	05*	1.000	113081	04*	1.000	117371	02*	1.000
102738	25*	1.000	108670	13*	1.000	113426	05*	1.000	117392	1—50	200
102760	05*	1.000	108828	49*	1.000	113669	24*	1.000	117481	11*	1.000
103204	22*	1.000	108857	15*	1.000	113749	1—50	200	117520	08*	1.000
103254	1—50	500	108892	1—50	200	113761	08*	10.000	117633	1—50	200
103263	1—50	500	108973	18*	10.000	113941	04*	1.000	117764	1—50	200
103353	1—50	200	108988	45*	10.000	114019	07*	1.000	117823	27*	1.000
103436	1—50	200	109033	21*	1.000	114185	1—50	500	117908	05*	1.000
103621	25*	1.000	109229	1—50	200	114247	1—50	500	117973	09*	5.000
103853	46*	1.000	109316	41*	1.000	114248	1—50	200	118178	46*	1.000
104113	46*	1.000	109421	1—50	500	114277	37*	1.000	118239	31*	1.000
104346	1—50	200	109449	1—50	200	114391	1—50	200	118303	1—50	200
104411	1—50	200	109453	15*	1.000	114458	15*	1.000	118477	23*	1.000
104447	27*	1.000	109458	22*	1.000	114629	21*	1.000	119000	45*	1.000
104465	12*	10.000	109518	39*	1.000	114636	1—50	200	119103	11*	1.000
104552	30*	1.000	109561	23*	1.000	114835	32*	1.000	119112	1—50	200
104579	01*	1.000	109644	02*	5.000	114867	28*	1.000	119256	1—50	200
104580	1—50	500	109731	1—50	500	115136	43*	1.000	119543	10*	1.000
104596	26*	1.000	109852	01*	1.000	115162	1—50	200	119634	1—50	200
104605	1—50	500	109989	45*	1.000	115630	39*	1.000	119648	39*	1.000
104719	1—50	200	110129	10*	1.000	115853	45*	1.000	119762	28*	5.000
104930	21*	1.000	110134	14*	1.000	115858	1—50	200	119988	02*	5.000
104958	1—50	500	110146	09*	1.000						

*) Осы сериядағы облигациялардың қалған 49 номеріне 200 сомнан ұтыс шықты.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОРМАН»

«МАКСИМКА»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Сеанстар сағат 12-2-де басталады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.